

**"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 711 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
ЖАРЛЫҒЫ 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей  
Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру  
шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама  
жасасу туралы**

**Қ А У Л Ы                      Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы **м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы атынан 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама **ж а с а с у ғ а                      ө к і л е т т і к                      б е р і л с і н .**

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Жоба

**1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. Келісімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісім".

2. Кіріспенің төртінші және бесінші абзацтары және 1-баптың бірінші абзацы "Эмба полигонының" деген сөздерден кейін "(5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы)" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1-баптың екінші абзацында:

"осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын" деген сөздер "осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында ракеталардың ажыраған бөліктерінің құлауына арналған жауынгерлік алаңдарының шекарасы" 1" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Полигонның әскери объектілерінің тізбесі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 2 қосымшада келтірілген."

4. 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясына жалға беру шарттарында оларда орналасқан объектілерін Полигонның жылжымалы және жылжымайтын мүліктерімен қоса жер учаскелерін уақытша пайдалануға береді.

2. 1996 жылғы 18 қазандағы "Эмба" сынақ полигонын жалға беру туралы шартқа сәйкес Полигонның жер учаскелерін Ресей Федерациясының мүддесінде оларды жалға беру кезеңінде пайдаланғаны үшін Ресей Федерациясы ақы төлеуді жүзеге асырады."

5. 6-баптың 1-тармағының екінші сөйлемі мынадай реакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған Ресей Федерациясы әскери құрамаларының, олардың құрамына кіретін тұлғалар мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі, сондай-ақ Полигон аумағындағы Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарының заңдық құзыры мәселелері 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан

Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған Ресей Федерациясының әскери құрамаларының мәртебесі туралы келісіммен және Тараптардың басқа да келісімдерімен айқындалады".

6. 7-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Полигон қызметі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің келісімі бойынша Ресей Федерациясының Қорғаныс министрі бекітетін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік орталық көрініс аралық полигонының құрылымдық бөлімшелері, объектілері және жауынгерлік аяндары туралы ережемен (бұдан әрі - Полигон туралы ереже) регламенттеледі және:".

7 . 8 - б а п т а :

екінші абзацтағы "қалпына келтіруді және" деген сөздер алынып тасталсын; тоғызыншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тараптардың келісімі бойынша айқындалатын қажет болған жағдайда нысаналар мен ракеталардың құлау алқаптарын қайта өңдеуді"; мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі 929 Мемлекеттік ұшу - сынақ орталығының мүддесін сай сынақ жұмыстарын жүргізу кезінде Эмба полигонының (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жер учаскелері мен әуе кеңістігін пайдалануға осы Келісімнің 7-бабында көзделген ғылымы-зерттеу және сынақ жұмыстарының жылдық жоспарлары негізінде жол беріледі".

8. 9-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Полигон аумағында жер кадастрын және мониторингті жүргізуді, жерді мақсатты пайдалануды бақылауды Полигонның қолбасшылығымен келісілген тәртіппен және мерзімде Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы жүзеге асырады".

9. Келісімге "Эмба полигонының жер учаскелерінің шекарасын анықтайтын геодезиялық белгілер мен негізгі нүктелер координаталарының тізбесі" қосымшасы осы Хаттамаға 1, 2, 3-қосымшалармен ауыстырылсын.

Осы Хаттама ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапты келіссөздер басталғанға дейін 30 күн бұрын жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама жасаған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары

туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісіммен бір мезгілде өзінің қолданысын тоқтатады.

200\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**ҮШІН**

**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ**

**ҮШІН**

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағында ракеталардың бөлінетін бөліктерінің құлауына арналған жауынгерлік алаңдардың шекарасы**

Нүкте нөмірі	Географиялық координаттары		Ескертпе
	солтүстік (град. мин.)	ендік шығыс бойлық (град. мин.)	
<b>Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы координаттары шектелген N 1 учаске (солтүстік учаске)</b>			
1	48 26	57 39	
2	48 26	57 47	
3	48 25	57 56	
4	48 24	58 03	
5	48 23	58 09	
6	48 11	58 19	
7	48 04	58 12	
8	47 58	58 14	
9	48 00	57 29	
10	48 08	57 29	
11	48 14	57 33	
<b>координаттары шектелген N 2 учаске (оңтүстік учаске)</b>			
1	47 02	58 06	

2	46 45	58 06	
3	46 45	57 47	
4	47 02	57 50	

алаңы 2 га N 3 учаске  
Елді мекендегі тұрғын үй  
және өндірістік объектілер  
(Эмба-5 әскери қалашығы)

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

2-қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан  
Полигонның әскери объектілерінің тізбесі**

Р/с N	Атауы	Орналасқан орны
	5580-база (сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету)	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі кенті.

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

3-қосымша

**Эмба полигонында Ресей Федерациясы жалға алған  
Қазақстан Республикасы мүлкінің тізбесі**

Р / с N	Атауы	С а н ы (бірлік)	бас жоспар бойынша N
1	Кешенді ғимарат	1	86
2	Тұрғын үй	1	25
3	"Россиянка" жатақханасы	1	42

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы  
арасындағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру  
шарттары туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы ,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шарттың, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы әскери ынтымақтастық туралы Шарттың, Қазақстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы 1993 жылғы 22 қаңтардағы сынақ полигондарын пайдалану тәртібі туралы Келісімнің қағидаларына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы Келісімді басшылыққа ала отырып;

жылжымалы және тұрақты мүлкімен Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан Эмба полигонының объектілері Қазақстан Республикасының меншігі екендігін ескере отырып, Тараптардың қорғаныс қабылетін қамтамасыз ету мақсатында және ғылымын дамыту мүддесі үшін Эмба полигонын сақтау мен дамыту қажеттілігін м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

Тараптардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Эмба полигонының маңызды ролін және қару-жарақ пен әскери техниканың алдыңғы үлгілерін сынауда эксперименталды-сынау базасын сақтау және дамыту қажеттілігін ескере отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімнің тақырыбы, әрі қарай Полигон деп аталатын Эмба полигоны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясына Полигонның жер учаскелерін, жылжымалы және тұрақты мүлігін уақытша пайдалануға жалға беру шартымен беру тәртібі болып табылады. Полигонның жылжымалы және тұрақты мүлкінің тізбесі мен құрамы, жалға беру ұзақтығы, жалға беру ақысының мөлшері мен оны енгізу мерзімі, осы Келісімге қол қойылғаннан кейін үш ай мерзім ішінде жасалатын Полигонды жалға берудің жеке Шартпен анықталады.

Полигон Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысы аумағында орналасқан. Полигон жер алаңының шекарасы болып осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада координаталары келтірілген, геодезиялық белгілер мен тұрғылықты жердегі негізгі нүктелерді жалғастыратын сызық болып табылады.

## **2-бап**

1. 1991 жылдың 31 тамызына дейін жасалынған және қондырылған Полигонның жылжымалы және тұрақты мүлкі Қазақстан Республикасының меншігі болып т а б ы л а д ы .

2. Полигонда 1991 жылдың 31 тамызынан кейін жасалған, алынған және

қондырылған жылжымалы және тұрақты мүлікке деген меншік құқығы Полигонның жылжымалы және тұрақты мүлкін ұстауға, пайдалануға және кезекті жөндеуге кеткен шығындарды есептемегенде, оны құруды, алуды және жеткізуді қаржыландыруды жүзеге асырушы Тарапқа беріледі. Осыған орай Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасымен мұндай мүлікті жасауды және жеткізуді, сондай-ақ жалға беру мерзімі аяқталғаннан кейін Тараптардың тұрақты мүлікті пайдалануын келіседі.

Барлық жағдайларда жобалық шешімдердің экологиялық және басқа да қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Полигон басшылығының Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволарына талқылау мен сарап қорытындысы үшін керекті мәліметтерді беру жолымен жүзеге асырылады.

### **3-бап**

1. Қазақстан Республикасы 1991 жылғы 31 тамыздағы жағдайға сәйкес Ресей Федерациясына жалға беру жағдайымен, келісілген түгендеу ведомствосы бойынша Полигонның жылжымалы және тұрақты мүлкін береді. Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен кейін аталған мүлікті жалға беру шартын дайындау үшін бірлескен комиссия құрады. Бірлескен комиссия жалға беру шартында жыл сайынғы жалға беру ақысының мөлшерін, сондай-ақ 1992-1994 жылдары Ресей Федерациясының Полигонды пайдалануына байланысты Қазақстан Республикасының әрбір жылға жылдық жалға беру ақысы деңгейінде мүліктік шығын және шығындар мөлшерін бағалайды. Екі мемлекеттің Үкіметтері ақы беру механизмін жалға беру шартына с ә й к е с а н ы қ т а й д ы .

Осы мақсаттарда Тараптар бірлескен Комиссияға, оның құрылуы кезінде, аталған жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды береді.

2. Қазақстан Республикасы жалға беру жағдайымен уақытша пайдалануға Ресей Федерациясына Полигонның жер учаскелерін береді. Ресей Федерациясы жалға беру (тұрақты немесе мезгілді) кезеңінде Ресей Федерациясының мүддесі үшін Полигонның пайдаланатын жерлері үшін ақы төлейді.

### **4-бап**

Ресей Федерациясына жалға беру шартымен берілетін жылжымалы және тұрақты мүлік, осы Келісімге қосымшада көрсетілген тиісті жер учаскелері тек қана Полигон алдында тұрған тапсырмаларды орындауды қамтамасыз ету үшін мақсатты бағытта пайдаланылуға тиіс. Бұл мүлік пен жер учаскелері Тараптардың және үшінші елдердің заңды және жеке адамдарына субарендаға берілмейді.

### **5-бап**

Жалға беру мерзімі біткенде, сондай-ақ осы Келісімнің күші тоқтағанда жалға беру шартымен берілген жекелеген объектілеріне жұмыстар уақытынан бұрын тоқтаған жағдайда Ресей Федерациясы олардың амортизациялануын есептей отырып, әрі қарай пайдаланатындай жағдайда жер учаскелерін, жалға алған жылжымалы және тұрақты мүлікті Қазақстан Республикасына қайтарады.

Барлық жағдайларда мүлік пен жер учаскелерін қабылдау-беру Тараптардың өкілетті өкілдерінен құралған бірлескен комиссиямен жүзеге асырылады.

## 6-бап

1. Полигонның Ресей Федерациясына берілген объектілерін, жылжымалы және тұрақты мүлігін пайдалануды қамтамасыз ететін әскери құрамалар Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің құрамына кіреді. Уақытша Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан Ресей Федерациясы әскери құрамаларының статусы Тараптардың жеке келісімімен анықталады.

2. Әскери құрамалардың штаттық құрылымдары мен саны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігімен бекітіледі.

Полигон бастығын тағайындау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің келісімімен, Ресей Федерациясы Қорғаныс министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Президентімен келісіле отырып, Ресей Федерациясының Президентімен жүзеге асырылады.

3. Полигон орындайтын тапсырмалар көлемі өзгергенде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери құрамаларының құрылымдары мен штаттық санында өзгертулерді жүзеге асырады.

## 7-бап

Ресей Федерациясына жалға берілген Полигонның қызметі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісілген Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі бекітетін ол туралы ережемен реттеледі және:

- күрделі құрылыс жоспарларын қоса есептегенде, Полигонды дамыту жоспарлары;  
- ғылыми-зерттеу және сынақ жұмыстарының жылдық жоспарлары;  
- Тараптар әскерлері ұрыс ракеталарын ұшыратын тактикалық жаттығулардың жалдық жоспарлары;

- қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану және жөндеудің жылдық жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық жоспарлар мен кестелер Тараптардың Қорғаныс министрліктерімен жоспарланып отырған жылдың 1 желтоқсанына дейін бекітіледі.



## 8-бап

Ресей Федерациясы өзіне жалға берілген Полигонның жылжымалы және тұрақты мүлкін пайдалану кезінде:

- Полигонның инфрақұрылымын қалпына келтіруді және ұстауды;
- Тараптардың қару-жарақ және әскери техника үлгілерін сынауды белгіленген шекараларда өткізуді;
- жүргізілетін жұмыстар қауіпсіздігі мен ракеталарды Полигон шеңберінде ұшыруды;
- Тараптардың қорғаныс министрліктерінің келісуімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мүддесі үшін Полигонды ұрыс атыстарын орындау үшін пайдалануды;
- Полигонның ғылыми-техникалық сынақ кешені мен инфрақұрылымын сақтауды және оларды жұмыс бабында ұстауды;
- ракеталар мен нысаналар қалдықтарын іздеуді, көшіруді және пайдалануды, ұрыс алаңдарын уақытылы тазалауды;
- апаттар салдарын уақытылы жоюды және Қазақстан Республикасына келтірілген зиянның орнын толтыруды;
- Полигонның экологиялық жағдайын табиғатты қорғаудың ұзақ мерзімді және жылдық бағдарламасын жасау және іске асыру жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз етуді міндеттенеді.

Полигонның ұрыс алаңдарынан тыс нысаналар, ұшу аппараттары, ракеталар немесе олардың бөлшектері құлаған жағдайда, Ресей Федерациясы бұл жайында жиырма төрт сағат ішінде Қазақстан Республикасына ресми ақпарат береді. Бұл оқиға жөнінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясына тергеу материалдарын беріп, үш күн мерзім ішінде құрылатын тергеу жөніндегі Тараптардың бірлескен комиссиясы тергеуді жүргізеді.

Полигон басшылығы жергілікті өкімет және басқару орындарымен бірлесе отырып, маусымды ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу кезінде Полигон аумағының учаскелерін пайдалану тәртібін анықтайды.

Полигонның ішкі байланыс жүйелерін, автомобиль және темір жолдарын пайдалану, ұстау және жетілдіру осы құралдарды пайдаланатын Полигонның әскери құрылымдарымен жүзеге асырылады.

Полигонның аумағын басқа мақсаттарда пайдалану кезінде оның жоспарлы жұмыстарын уақытша тоқтату немесе шектеу Тараптар қорғаныс министрліктерінің бірлескен шешімдері негізінде жүргізіледі.

## 9-бап

Полигон пайдаланатын жер учаскелерінде адамдар, өсімдік және жан-жануарлар өміріне қауіп төндіретін радиоактивті, улы заттар, ядролық және химиялық қару-жарақ, сондай-ақ басқадай өнімдерді пайдалануға және көмуге тиым салынады.

## **10-бап**

Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының экологиялық нормативтерін, су мен жерді пайдалану ережелерін және нормаларын орындауға міндетті. Полигонның қызметі салдарынан келтірілген экологиялық зиян Ресей Федерациясымен жойылады. Осыған орай, зиянды өтеу тәртібі мен зиянның мөлшері арнайы құрылған мемлекетаралық комиссиямен анықталады.

## **11-бап**

Ресей Федерациясының мекемелері мен ұйымдарына, әскери ведомстволарына, жеке адамдарына Полигон аумағында геологиялық барлау жүргізуге, пайдалы қазбаларды өңдеуге, аңдарды аулау кәсібімен айналысуға, балық аулау мен жабайы өсімдіктерді жинауға тиым салынады.

## **12-бап**

Әскери қызметшілер, олардың отбасы мүшелері, өнеркәсіп мамандары Ресей Федерациясынан Полигонға жаңа қызмет немесе жұмыс орнына және кері қарай жіберілгенде, алынуы кедендік органдарға жүктелген кедендік баж салығын, акциздерді және басқа да салықтарды төлеусіз кеден шекаралары арқылы өз жүктерін алып өтеді.

## **13-бап**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Полигонда өңдеуден өткен жаңа қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа түрлерін, соның ішінде жалдық ақы есебінен, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы әскери ынтымақтастық туралы Шартта бекітілген тәртіппен алуға басым құқығы бар.

## **14-бап**

Осы Келісімнің қосымшасында шекарасы анықталған, Полигон аумағының әуе кеңістігі оның жұмысын қамтамасыз етуге пайдаланылады.

Полигон аумағының әуе кеңістігін пайдалану тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңы және басқа да нормативті актілерімен анықталады.

## **15-бап**

Полигон үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралары арқылы жүктерді жіберу Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының кедендік заңына сәйкес алынуы кедендік органдарға жүктелген кедендік баж салығын акциздерді және басқа да салықтарды төлеусіз жүзеге асырылады.

## **16-бап**

Техникалық нормаларға сәйкес шығынға жазылуға тиісті жылжымалы және тұрақты мүлікке иелік ету, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқаруға өкілденген мемлекеттік органымен Тараптардың қорғаныс министрліктерінің келісілген ұсыныстары бойынша жүзеге асырылады.

## **17-бап**

Полигон аумағында қамтамасыз етудің, соның ішінде сауда-тұрмыстық, әлеуметтік, сондай-ақ медициналық қызмет көрсетудің барлық түрлері Ресей Тарабымен жүзеге асырылады.

Полигонның қызметшілер мен жұмысшылар қызметтеріне Ресей Федерациясының азаматтарымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтары да қабылданады. Осыған орай, оларға, азаматтығына қарамастан Ресей Федерациясының еңбек заңына сәйкесті барлық еңбек ақы төлеу шарттары таратылады.

## **18-бап**

Полигонда орналасқан Ресей Федерациясының әскери құрамаларын, сондай-ақ Полигонның инфрақұрылымын ұстауды Ресей Федерациясы қаржыландырады.

Полигон аумағындағы әскери қызметшілер мен әскери құрылымдардың тіршілік әрекетін қамтамасыз ету мақсатында, Тараптардың ұлттық валюта айналымы мәселелері Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Ресей Федерациясының Орталық банкісі арасындағы Келісімге сәйкес реттеледі.

## **19-бап**

Полигон режимді объект болып табылады. Оның барлауға қарсы қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналасқан Ресей Федерациясының әскери құрамалары мен олардың құрамына кіретін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық және әрекеттестік туралы Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Полигондағы режимдік шаралар Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінде қабылданған тәртіппен Полигонның басшылығымен ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

Полигон объектілеріне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, сондай-ақ Тараптардың өнеркәсіп ұйымдарының өкілдерін жіберу - келісілген тәжірибе-конструкторлық, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізбелері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тактикалық жаттығуларының жоспарлары және аталған бөлімдер мен ұйымдардың шектелген сұранымдары негізінде жүзеге асырылады.

Полигонға Қазақстан Республикасының ресми адамдарын олардың қызмет міндеттерін орындау үшін жіберу Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі нормативті актілерімен, сондай-ақ Полигон туралы Ережемен анықталған тәртіпте іске асырылады.

Полигонда үшінші елдер азаматтарының болуы Тараптардың белгіленген тәртібімен келісіледі.

## **20-бап**

Қазақстан Республикасы арнайы органдар құра алады және қажет болғанда, Полигонда шартты жалға беру жөніндегі шартты орындауға байланысты барлық мәселелерді шешу үшін олардың өкілдерін Полигонға жібере алады.

## **21-бап**

Осы Келісімді орындау бойынша Тараптардың қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы әскери ынтымақтастық туралы Шартқа сәйкес құрылатын Бірлескен комитетпен жүзеге асырылады. Осыған орай Бірлескен комитет пайда болатын даулы мәселелер бойынша өз өкілдігі шеңберінде шешімдер қабылдайды. Басқа жағдайларда ол Тараптар Үкіметтеріне тиісті ұсыныстар енгізеді.

## **22-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі негізінде өзгертулер мен түзетулер енгізілуі мүмкін.

Келісім он жыл мерзімге жасалады. Оның күші, егерде бір Тарап екінші Тарапқа әрбір он жылдық мерзімнің бітуіне алты ай қалғанға дейін оның қызметін тоқтату туралы өз тілегін жазбаша түрде хабарламаса, оның қызметі кейінгі он жылға өзінен-өзі ұзартылады.

Егерде Тараптар жалға беру шарттары туралы келісілген шешімге келмесе немесе

Тараптар бұл шарттарды орындамаса осы Келісімнің қызметі тоқтатылады.

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады және Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетаралық рәсімдерді орындағаны туралы соңғы мәлімдемесінен кейінгі күні күшіне енеді.

1995 жылы 20 қаңтарда Мәскеуде әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалынды, сондай-ақ екі текстің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮШІН

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ҮШІН

Қазақстан Республикасы мен  
Ресей Федерациясы арасындағы  
Эмба полигонын пайдалану және  
жалға беру шарттары туралы

Келісімге Қосымша

**"Эмба" Полигонының жер учаскелерінің шекарасын  
анықтайтын геодезиялық белгілер мен негізгі нүктелер  
к о о р д и н а т а л а р ы н ы ң**

**ТІЗБЕСІ**

Негізгі нүкте номері	Геодезиялық белгінің аты	Тікбұрышты координаталар		Географиялық координаталар	
		X ( м )	У (м)	солтүстік ендік (град. мин.)	шығыс бойлық (град. мин.)
1	2	3	4		
27		5 409 131 10 582 487		4 8 4 9 58 08	
1		5 404 450 10 583 230		4 8 4 6 58 08	
2	234 белгі	5 400 655 10 583 320		4 8 4 4 58 08	
3		5 398 020 10 586 990		4 8 4 2 58 11	
4	299 белгі Лопуховый	5 395 665 10 588 169		4 8 4 1 58 12	
5	266 белгі Вытянутый	5 368 749 10 584 115		4 8 3 6 58 08	
6	253 белгі Қарағандымола	5 369 062 10 583 062		4 8 2 7 58 07	
7	316 белгі Арыстан	5 340 141 10 597 401		4 8 1 1 58 19	
8		5 326 600 10 589 700		4 8 0 4 58 12	

9	313 белгі Ақтөркөл қ.	5 280 440 10 601 500	4 7 58 21	3 9
10		5 273 200 10 603 900	4 7 58 23	3 5
11		5 264 100 10 604 200	4 7 58 26	3 0
12	287 белгі Бес Балка	5 259 695 10 603 867	4 7 58 23	2 8
13		5 259 610 10 584 000	4 7 56 06	2 8
14		5 180 000 10 584 000	4 6 58 06	4 5
15		5 180 000 10 560 000	4 6 57 47	4 5
16		5 247 200 10 564 400	4 7 57 51	2 1
17		5 318 900 10 535 800	4 8 57 29	0 0
18		5 333 500 10 535 850	4 8 57 29	0 8
19		5 344 280 10 540 620	4 8 57 33	1 4
20		5 370 080 10 582 165	4 8 57 42	2 8
21		5 378 380 10 564 050	4 8 57 52	3 2
22	232 белгі Обрыв	5 386 921 10 569 280	4 8 57 56	3 6
23		5 392 900 10 573 670	4 8 58 00	4 0
24		5 393 100 10 570 090	4 8 57 57	4 0
25		5 394 580 10 570 355	4 8 57 57	4 1
26		5 407 395 10 578 460	4 8 58 04	4 8
27		5 409 131 10 582 487	4 8 58 08	4 9